

wood.

Адам құқықтары және «Building Responsibly» қағидаттары

Жеткізушілерге арналған оқыту курсы



Бұл оқыту құралы жеткізушілерге заманауи құлдықтың және жеткізу тізбегіндегі негізгі «Building Responsibly» қағидаттарын түсіндіру үшін арналған. Оған Wood компаниясының адам құқықтары жөніндегі саясаты мен Building Responsibly – қызметкерлердің әл-ауқаты қағидаттарын қамтитын негізгі саясаттар мен процедуралар енгізілген.



Адам құқықтары саясатына шолу

Мақсаты: Wood компаниясының адам құқықтарын сақтау жөніндегі міндеттемесін, заманауи құлдықты болдырмауға бағытталған іс-қимылдарын және осы бағыттағы іскерлік серіктестерімізден күтетін талаптарын түсіну.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (UDHR) – адам құқықтары тарихындағы маңызды құжат.

Декларация әлемнің барлық өңірлерінен әртүрлі құқықтық және мәдени ерекшеліктері бар өкілдердің қатысуымен дайындалып, 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясында қабылданды.

Декларацияда әрбір адамның теңдікке және құрметпен қаралуға қатысты негізгі құқықтары мен бостандықтары баяндалған. Бұл құқықтар адамның ұлтына, мәртебесіне немесе басқа да ерекшеліктеріне байланысты емес, тек адамның табиғи болмысына байланысты беріледі.

Wood компаниясының адам құқықтарын қорғауға деген міндеттемесі

Wood компаниясы UDHR-ды ұстануға міндеттелген, дегенмен біздің адам құқықтары саласындағы жоғары стандарттарды сақтау жөніндегі міндеттемеміз бұнымен шектелмейді. БҰҰ-ның Жаһандық шартының (UN Global Compact) мүшесі ретінде Wood компаниясы адам құқықтарына тікелей қатысты 1 және 2-қағидатты қоса алғанда, Жаһандық шарттың барлық қағидаттарын ұстануға міндеттенеді:

1-қағида: Кәсіпорындар халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс; және

2-қағида: Кәсіпорындар адам құқықтарының бұзылуына жанама түрде болсын қатысы жоқтығына көз жеткізуі керек.



Адам құқықтары саясатына шолу

Бұл қағидаттарды іске асыру тәсілдері

Осы қағидаттарды қолдану біздің тұрақты даму ұстанымдарымызға енгізілген және ол мынадай мақсаттарды қамтиды:

- адам құқықтарын қорғау, құрметтеу және ілгерілету
- әділдік пен ашықтықты іскерлік тәжірибеде насихаттау арқылы барлық іс-әрекетімізде этикалық қағидаларды сақтауымызды қамтамасыз ету
- тұрақты өсу мен дамуды қамтамасыз ету үшін жеткізушілерімізбен бірлесе жұмыс істеу

Біз адам құқықтарына төнетін қатерлерді азайту және негізгі құқықтар мен бостандықтарды қорғауды жетілдіру үшін серіктестік пен ынтымақтастық шешуші рөл атқарады деп есептейміз. Біздің мүдделі тараптармен, әсіресе жеткізушілерімізбен бірлесе жұмыс істей отырып, біз өз қызметіміз бен құндылықтар аясында адам құқықтарын қорғауға және дамытуға үлес қоса аламыз.

Саясаттарды қолдау

Адам құқықтары жөніндегі саясатымызды қолдайтын Wood компаниясының негізгі саясаттарына мыналар жатады:

- Іскерлік тәртіп кодексі
- Тең мүмкіндіктер саясаты
- Инклюзия және әртүрлілік саясаты
- Қорлау және қудалау жөніндегі саясат
- Жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексі
- Қазіргі заманғы құлдық – адам саудасы туралы мәлімдеме.

Бұл саясаттар мен құжаттар барлық қызмет бағыттарында адам құқықтарының сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл саясаттарға қолдау «Speak up» ресурстары арқылы көрсетіледі. Олардың қатарына этика бойынша сенім телефоны мен біздің іскерлік әдеп туралы хабарлау және қудалауға жол бермеу саясаты кіреді. Бұл ресурстар біздің қызметкерлеріміз бен үшінші тұлғаларға өз алаңдаушылықтарын ашық, қудалау қаупінсіз хабарлауға мүмкіндік береді.

wood.

Адам құқықтары саясатының талаптары

Біздің адам құқықтары жөніндегі саясатымыз жаһандық деңгейде Wood компаниясымен немесе компания атынан жұмыс істейтін барлық жеке тұлғалар мен ұйымдарға, соның ішінде жеткізушілерге де қолданылады.

Бұл құжатта адам құқықтарының сақталуына қатысты біздің қызметімізде және іскерлік серіктестеріміз тарапынан күтілетін талаптар келесідей түрде баяндалған:

Мәжбүрлі еңбекке жол бермеу

Мәжбүрлі, қарыздық немесе еріксіз еңбекті қолдануға қатаң түрде тыйым салынады, сондай-ақ мұндай еңбекті қолдануға көз жұма қарауға да жол берілмейді.

Бұл барлық жұмыс ерікті түрде орындалуы тиіс дегенді білдіреді, ал қызметкерлерге қандай да бір қауіп-қатер немесе басқа да қысым көрсету түрлері арқылы жұмыс істеуге мәжбүрлеуге болмайды. Сондай-ақ, біз жұмыспен қамту шарттарының толықтай ерікті болуын талап етеміз.

Кемсіту мен қудалауға жол бермеу

Біз жұмыс орнында кемсіту, қудалау және қорқыту сияқты кез келген түрдегі қорлауға жол берілмеуін қамтамасыз етуіміз керек. Қорлау немесе кемсіту туралы шағымдар бойынша тиісті шаралар қолданылуы тиіс.

Бұл барлық қызметкерлердің өзара құрмет пен қадір-қасиет негізінде қарым-қатынас орнатуын қамтамасыз етеді.

Еңбекақы мен жұмыс уақытына қатысты заңнаманы сақтау

Барлық қызметкерлерге әділ еңбекақы төленеді және бұл төлемдер қолданыстағы еңбекақы мен жұмыс уақытына қатысты заңнамаға, сондай-ақ басқа да тиісті жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл жұмыс уақыты мен үстеме еңбекке ақы төлеуге қатысты нормативтік құқықтық актілерді ұстануды қамтиды.

Қызметкерлердің бірлесу құқығы

Қызметкерлердің бірлесу бостандығына, кәсіподақтарға кіруге және ұжымдық келіссөздерге қатысуға құқығы бар.

Балалар еңбегін пайдалануға тыйым салу

Балалар еңбегін пайдалануға және оны қолдауға қатаң түрде тыйым салынады.

Барлық қызметкерлердің заңда белгіленген еңбекке жарамды жас талаптарына сай болуын талап етеміз.

Қудалаудан қорғау

Барлық қызметкерлер еңбек құқықтарын пайдаланғаны немесе еңбек заңнамасының бұзылуын хабарлағаны үшін қысым көрсетуден мен қудаланудан қорғалған.

Бұл қызметкерлердің кез келген мәселе жөнінде ашық айтуына мүмкіндік беретін қауіпсіз ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

Кемсітушілікке тыйым салу

Біз барлық адамдардың еш кемсітусіз UDHR (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы) белгілеген құқықтар мен бостандықтарға ие болуын қамтамасыз етуге міндеттіміз.

Жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексі.

Біздің жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексі адам құқықтары жөніндегі саясатымызда белгіленген талаптарды ресми түрде бекітеді.

Жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексінің негізгі қағидаттары қарсы бетте көрсетілген. Біз жеткізу тізбегіндегі барлық серіктестерімізден осы қағидаттарды бұлжытпай сақтауды, сондай-ақ дәл осы ұстанымдарды өз жеткізушілеріне де қолдануды талап етеміз.

Жеткізушілер міндетті:

Еңбек заңнамасын сақтау

Ұлыбританияның 2015 жылғы «Заманауи құлдық туралы» Заңын қоса алғанда, қолданыстағы барлық еңбек заңнамасын сақтау.

Бұл қызметкерлердің әділ және этикалық тұрғыда қаралуын қамтамасыз етеді.

Әділ еңбекақы және еңбек жағдайлары

Жұмыс уақытын, еңбекақыны және үстемеақыны қолданыстағы барлық заңнамаға сәйкес белгілеу.

Қызметкерлерге заңмен белгіленген ең төменгі еңбекақы немесе жергілікті сала стандарттарына сай еңбекақы төленуін қамтамасыз ету.

Кемсітушілікке тыйым салу

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау олардың лауазымдық міндеттерді атқару қабілетіне байланысты жүзеге асырылуы тиіс. Қолданыстағы заңнамамен қорғалатын кез келген белгі немесе мәртебесі бойынша кемсітушілікке жол берілмеуі қажет. Сондай-ақ қызметкерлерге қатысты қысым көрсету мен қудалауға байланысты барлық қолданыстағы заңдарды сақтау міндетті.

Құжаттарға қолжетімділік

Қызметкерлердің өз төлқұжаттары мен жеке құжаттарына еш кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету.

Бұл оларға жұмыстан өз еркімен шығу еркіндігін қамтамасыз етеді.

Бірлестік құру еркіндігі

Қызметкерлердің бірлестік құру еркіндігі мен кәсіподақтарға мүше болу құқығына құрметпен қарау.

Бұл қызметкерлерге ұжымдық келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді.

Этикалық сатып алу тәжірибесі

Материалдардың заңсыз немесе этикалық тұрғыдан күмәнді көздерден алынуын алдын алу үшін компанияда нақты саясат пен сенімді бақылау жүйелерін енгізу.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Қызметкерлер үшін қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайын қамтамасыз ету, соның ішінде жеке қорғаныс құралдарымен, қолайлы температуралық режимі және әйелдер мен ерлерге арналған бөлек жуыну/санитарлық аймақтары бар жұмыс орнын қамтамасыз ету.

Тұратын орын ұсынылған жағдайда ол қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы және қызметкерлердің негізгі қажеттіліктерін, мысалы, температуралық жайлылық пен тағаммен қамтамасыз етуді қанағаттандыруы тиіс.

Ашық пікір білдіру мәдениеті

Қысым көрсетуге жол бермейтін «ашық пікір білдіру» мәдениетін дамыту.

Бұл қызметкерлерді жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексінің қағидаттарына қайшы келетін немесе этикаға сай келмейтін іс-әрекеттер туралы қысым көрсетуден қорықпай ашық түрде хабарлауға ынталандырады.

Жауапкершілік қағидаттарын қалыптастыру

Инженерлік және құрылыс саласында қызметкерлердің әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған жетекші стандартты ұстануға ұмтылатын «Building Responsibly» қағидаттарын қалыптастыруды ілгерілету.

Жұмысқа әділ қабылдау және жұмыспен қамту тәжірибесі

Барлық қызметкерлерге өздері толық түсінетін тілде жазбаша түрде жасалған жұмысқа қабылдау келісімдері мен еңбек шарттарының ұсынылуын қамтамасыз ету.

Қызметкерлер мен жеткізушілер арасындағы еңбек қатынастары ерікті түрде құрылуы, қандай да бір қысымсыз жүзеге асырылуы тиіс. Барлық қызметкерлерге алдын ала ескерту арқылы жұмыстан шығуға немесе демалыс алуға толық еркіндік берілуі қажет.

Жұмысқа қабылдау агенттіктерінің қызметі пайдаланылған жағдайда, бұл агенттіктер жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексінде белгіленген қағидаттарды ұстануға және адам құқықтары (соның ішінде дербес деректердің құпиялылығы) мен еңбек стандарттарына қатысты үздік тәжірибелерді сақтай отырып жұмысқа қабылдау рәсімдерін жүргізуін қамтамасыз ету.

wood.

«Building Responsibly» қағидаттары

Мақсаты: Wood компаниясының жеткізу тізбегіне енгізілген «Building Responsibly» қағидаттары туралы толық ақпарат алу.

Қызметкерлердің әл-ауқатын арттыруға арналған «Building Responsibly» қағидаттары

Wood компаниясы негізін қалаушы мүше ретінде «Building Responsibly» бизнес-бастамасын және қызметкерлердің әл-ауқатына арналған 10 қағидатты қолдайды. Бұл бастама құрылыс саласы мен энергетика секторында қызметкерлердің әл-ауқатына қатысты стандарттарды белгілеу үшін саларалық ынтымақтастықтың әлеуетін пайдалануға бағытталған.

«Building Responsibly» қағидаттарын ұйымымыздың ішкі құрылымына және іскерлік қарым-қатынастарымызға енгізу – Wood компаниясының негізгі адам құқықтарын және қызметкерлердің мүдделерін қорғауға бағытталған тәсілдің бір бөлігі болып табылады.

«Building Responsibly» қағидаттарын жеткізу тізбегімізге енгізу

Біздің жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексі жеткізушілерімізден «Building Responsibly» қағидаттарын сақтау мен насихаттауды, сондай-ақ осы қағидаттарды өз жеткізушілеріне де қолдануды талап етеді. Сонымен қатар, біз қызметкерлердің әл-ауқатын тұрақты даму мақсаттарымызға енгіздік, бұл келесі міндеттер арқылы жүзеге асырылады:

- 2025 жылға дейін еңбек ресурстарын ұсынатын барлық (100%) жеткізушілеріміздің «Building Responsibly» қағидаттарын қолданып, оларды сақтауын қамтамасыз ету.
- 2030 жылға дейін барлық жеткізушілеріміздің (100%) «Building Responsibly» қағидаттарын қолданып, оларды сақтауын қамтамасыз ету.



wood.


10 қағидат.



1. Қызметкерлерге қадір-қасиетпен, сыйластықпен және әділ түрде қарайды
2. Қызметкерлердің мәжбүрлі еңбекке, адам саудасына және балалар еңбегіне тартылуына жол бермейді
3. Жұмысқа қабылдау тәжірибесі этикалық, заңды, ерікті және кемсітушіліксіз жүргізіледі
4. Қызметкердің жұмысты ауыстыру еркіндігіне деген құқығы сақталады және құрметтеледі
5. Қауіпсіз және денсаулыққа қолайлы еңбек жағдайлары қамтамасыз етіледі
6. Қызметкерлерге ұсынылатын тұру жағдайлары қауіпсіз, санитариялық талаптарға сай және тұруға қолайлы.
7. Қызметкердің жеке құжаттарына қол жеткізуі мен еркін жүріп-тұруына ешқандай шектеу қойылмайды
8. Жалақы мен жәрдемақылар бойынша келісімшарттар толық көлемде сақталады және орындалады
9. Қызметкерлердің өз мүдделерін білдіру құқығы құрметтеледі
10. Компания қызметкерлерге шағымдану және әділ өтемақы алу үшін қажетті барлық құралдар мен ресурстарды қол жетімді түрде ұсынады

Бұл қағидаттар бірнеше тілде www.building-responsibly.org/worker-welfare-principles қол жетімді.





Қысқаша шолу және қосымша ақпарат көздері

Қазіргі қоғамда адам құқықтарының бұзылуына жол берілмеуі тиіс. Адам құқықтарының бұзылуының алдын алуға бағытталған іс-әрекетті орындамау бизнес үшін елеулі салдарға, соның ішінде қаржылық шығындар мен беделге нұқсан келтіруге алып келуі мүмкін. Екінші жағынан, адам құқықтарын сақтау және ілгерілету бойынша белсенді шаралар қабылдау - қызметкерлермен, жергілікті қауымдастықтармен және басқа да мүдделі тараптармен қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етіп, сенімді нығайтуға және компанияның тұрақты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік лицензияны күшейтуге септігін тигізеді.

Біздің саясаттарымыз, соның ішінде адам құқықтары саясаты мен жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексі жеткізушілер тарапынан қызметкерлерге қатысты қарым-қатынас бойынша нақты талаптар мен үміттерді айқындауға бағытталған.

Компанияға адам құқықтарына қатысты ұстанымдарын қалыптастыруға, қолдауға және үнемі жетілдіруге көмектесетін көптеген ресурстар бар. Кейбір ресурстар төменде ұсынылған, бірақ бұл толық тізім емес:

- [United Nations Guiding Principles on Business and Human Rights](#)
- [Building Responsibly Guidance Notes](#)
- [International Labour Organization](#)



**Бірлесіп жұмыс істей отырып,
біз барлық қызметкерлер үшін
әділ, құрметке негізделген
этикалық қарым-қатынасты
қамтамасыз ете аламыз.**

Қорытынды

Wood компаниясының адам құқықтарын құрметтеуге, қызметкерлердің әл-ауқатына, этикалық іскерлік тәжірибеге деген ұстанымы біздің барлық қызметімізді және жаһандық жеткізу тізбектерімізді қамтиды. Біз өзіміздің жеткізу тізбегі бойынша серіктестерімізден жеткізу тізбегінің іскерлік тәртіп кодексінде ресми түрде бекітілген саясатымыз бен қағидаттарымызды ұстануды, сондай-ақ осы қағидаттарды өз жеткізушілеріне де қолдануды талап етеміз.

Жеткізу тізбегі бойынша серіктестеріміздің өзара іс-қимылын бақылау мақсатында төмендегі сауалнаманы толтырып, осы оқытудан өткеніңізді және жауапкершілікті қалыптастыру қағидаттарын қабылдап, қолдауға келісетініңізді растауыңызды сұраймыз.

Сілтемені басыңыз

wood.